

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 150ав қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 312-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы "мемлекеттік тілді" деген сөздер "мемлекеттік және өзге де тілдерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 318-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"Моторолла" радиостанциясы - 1 дана" және "маман үшін" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

"радиомикрофон - 3 жинақ," деген сөздерден кейін "кресло - 250 дана, жұмыс үстелі - 54 дана, роликті тумба - 50 дана, әмбебап шкаф - 37 дана" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген қаулыға 319-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

"компьютер - 30 дана; принтер - 3 дана" деген сөздер "компьютер - 60 дана; принтер - 14 дана; DCN үшін камераларды бақылауды бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 жиынтық" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жиһаз" деген сөзден кейін ", басқа заттар мен материалдар" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"жиынтықтаушыларын" деген сөзден кейін ", әдебиет" деген сөзбен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"Монтаждау және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу" деген сөйлем мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Жөндеу жұмыстарын жүргізу және құрылымдалған кабельдік жүйені монтаждау, ҚКЖ жабдығы (UPS - 1 дана, RIT жабдығы - 4 дана, жұмыс істеп тұрған жабдық - 2 дана, электр қалқаны - 2 дана)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ